

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

010000, Астана қаласы, Министрліктер Үйі
Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 11-кіреберіс
тел.: (7172) 74-24-28, 74-24-16

010000, город Астана, Дом министерств
Проспект Мәңгілік Ел, 8, 11 подъезд
тел.: (7172) 74-24-28, 74-24-16

№ _____

Облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) республика мектептерінде оқу жылы 2025 жылғы 23 мамырда аяқталатынын назарларыңызға жеткізеді.

Оқу жылын жалпы білім беретін мектептер «Білімім – Отаныма!» атты республикалық сынып сағатымен аяқтайды.

Сынып сағатында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарына басымдық берілуі керек. Осы ретте, Министрлік барлық білім алушылар арасында эссе байқауын өткізу туралы ұсынымдар әзірледі (*қоса беріледі*). Білім алушыларға «Таза Қазақстан», «Заң және тәртіп», «Адал азамат» тақырыптық бағыттары бойынша эссе жазу ұсынылады. Үздік жұмыстар сынып сағатында оқылып, авторлары марапатталады. Ұсынымдарды білім беру ұйымдарының назарына жеткізіп, орындалуын ұйымдастыруды сұраймыз.

Сынып сағаттарының сценарийлерін педагогтер әр сыныптың жас ерекшеліктерін ескере отырып, өз бетінше әзірлейді. Сынып сағатында демалыста оқуға ұсынылатын кітаптар тізімін, сондай-ақ қарауға болатын фильмдер тізімін ұсынып, қауіпсіздік шаралары, алдын ала жоспарланып ұйымдастырылған демалыстың артықшылықтары, қосымша білім беру ұйымдарына қатысудың тиімділігі, еңбек етудің пайдасы, ата-анаға, ата-әжелеріне көмектесудің қажеттілігі айтылады.

Министрлік Оқу жылының аяқталуы бойынша салтанатты іс-шараны өткізуге қатысты барлық мектеп дәстүрлерін (*мектепке, ұстаздарға алғыс білдіріп, өлең оқу, ән айту, түлектер вальсін билеу*) қолдай отырып, мектептердің салтанатты жиын өткізу туралы шешімді дербес қабылдайтынын хабарлайды.

Жоғарыдағыны ескере отырып, оқу жылының аяқталуы бойынша 11 сынып түлектері үшін салтанатты іс-шараны **педагогикалық кеңестің ұсынысы негізінде** 23 немесе 24 мамырда өткізуді ұсынады (*23-інен ерте емес*).

2024-2025 оқу жылы 364 мыңнан астам түлек 9-сыныпты және 217 мыңнан астам түлек 11-сыныпты бітіруде. Бұл түлектердің алдында болашақ мамандығын таңдау және одан әрі білім алу жолын анықтау тұр.

9-сынып бітірушілер үшін қорытынды мектеп бітіру емтихандары **29 мамыр - 10 маусым** аралығында өтеді, ал 11-сынып бітірушілер үшін мемлекеттік емтихандар **30 мамыр – 16 маусым** аралығында болады.

Негізгі және жалпы орта білім беру туралы аттестатты тапсыру салтанатын мектеп қабырғасында **18-20 маусым аралығында** өткізу ұсынылады.

Министрлік сынып сағаттары мен салтанатты іс-шараларды өткізу барысында дипломдар мен сертификаттарды ресми түрде табыстауға болатындығын еске салады.

Педагогикалық этиканы сақтау және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында:

- ата-аналардан қаражат жинауға,
- аниматорлар, агенттіктер мен жеке студияларды тартуға,
- көлік жалдап, шерулер ұйымдастыруға,
- мектепке дейін білім беру ұйымдарының түлектері мен 4-сынып оқушылары үшін салтанатты шаралар өткізуге **жол берілмейді.**

Сонымен қатар, мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерге сыйлықтар алу үшін қаражат жинауға **қатаң тыйым салынады.**

Білім беру ұйымдарында аталған өрескелдіктер орын алған жағдайда заңнамаға сәйкес қатаң шаралар қолданылатынын қаперлеріңізге саламыз.

Оқу жылының аяқталуы туралы ақпаратты Министрлікке **ағымдағы жылғы 1 маусымға дейін** жолдау қажет.

Қосымша: 2 парақта.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту вице-министрі

Е. Оспан



Согласовано



02.05.2025 10:58 Калмаков Ерлан Болатович

02.05.2025 10:59 Жумашев Каныбек Бекболатович

Подписано

02.05.2025 14:38 Оспан Еділ Сабырұлы

Тип документа	Исходящий документ
Номер и дата документа	№ 3-05-4/3121-И от 02.05.2025 г.
Организация/отправитель	МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Получатель (-и)	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА ШЫМКЕНТ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
	ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АСТАНЫ
	ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ»
	ГУ УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ОБЛАСТИ АБАЙ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АЛМАТЫ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ОБЛАСТИ ҰЛЫТАУ»	
КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»	
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ	
Электронные цифровые подписи документа	 Государственное учреждение "Министерство просвещения Республики Казахстан" Согласовано: КАЛМАКОВ ЕРЛАН MIRDAYJ...nBp2Nliw0 Время подписи: 02.05.2025 10:58
	 Государственное учреждение "Министерство просвещения Республики Казахстан" Согласовано: ЖУМАШЕВ КАНЫБЕК

	<p>MIIRGAYJ...feawipWKe Время подписи: 02.05.2025 10:59</p>
	<p> Государственное учреждение "Министерство просвещения Республики Казахстан" Подписано: ОСПАН ЕДІЛ MIIRSAΥJ...cWyDQ5FrH Время подписи: 02.05.2025 14:38</p>
	<p> Государственное учреждение "Министерство просвещения Республики Казахстан" ЭЦП канцелярии: МАРДАНОВА ЖАНАР MIIRpwΥJ...shfCp3oo= Время подписи: 02.05.2025 15:17</p>



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года №370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.